Бекітемін:
ҚР СРжИМ
«Қазсушар» ШЖҚ РМК
«Қ.Сәтпаев атындағы канал»
филиалының директоры

_____ О. Жиенкулов

Сатып алынатын қызметтердің техникалық ерекшелігі

Тапсырыс берушінің атауы: Қазақстан Ресубликасы Су ресурстары және ирригация министрлігі «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның «Қаныш Сәтпаев атындағы канал» филиалы.

Ұйымдастырушы атауы: Қазақстан Ресубликасы Су ресурстары және ирригация министрлігі «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның «Қаныш Сәтпаев атындағы канал» филиалы.

Конкурстың №: (веб-порталмен автоматты түрде анықталады)
Конкурс атауы: Ұйымдастыру техникасына қызмет көрсету
Конкурстың №: (веб-порталмен автоматты түрде анықталады)
Лот атауы: Ұйымдастыру техникасына қызмет көрсету

Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бірыңғай номенклатуралық анықтамалығы кодының атауы*	951110.000.000003
Қызметтердің атауы*	Ұйымдастыру техникасына қызмет көрсету
Лот сипаттамасы	Компьютерлік қызмет көрсету бойынша техникалық қызметтер /шеткі кеңсе техникасы/жабдықтар және олардың бөліктері
Лоттың қосымша сипаттамасы	Компьютерлік қызмет көрсету бойынша техникалық қызметтер /шеткі кеңсе техникасы/жабдықтар және олардың бөліктері
Өлшем бірлігі*	Қызмет
Саны (көлемі)*	1
Бірлік бағасы, қосылған құн салығын қоспағанда*	2 111 880
Қосылған құн салығын қоспағанда, сатып алуға бөлінген жалпы сома*	2 111 880
Көрсетілетін мерзімі*	2027 жыл ішінде
Аванстық төлем мөлшері*	0
Кепілдік мерзімі (айлар)	12
Талап етілетін сипаттамалардың, параметрлердің және өзге де бастапқы деректердің сипаттамасы:	**Қызмет түрлері:** -дербес компьютерлерді жөндеу және техникалық қызмет көрсету; - принтерлер мен МФУ-ға техникалық қызмет көрсету және жөндеу ; - түсті сиялы және лазерлік принтерлерге техникалық қызмет көрсету және жөндеу; - көшіру техникасына техникалық қызмет көрсету және жөндеу;

	-картридждерді жөндеу және техникалық қызмет көрсету, толтыру. Барлық қажетті қосалқы бөлшектер Орындаушы есебінен сатып алынады, мемлекеттік сатып алу туралы шартында шығын материалдарының құны сомасында ескерілуі тиіс. **Тиісті қызмет көрсету талаптары** - Тапсырыс берушінің теңгеріміндегі негізгі құралдарға (кеңсе техникасына) техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстары техниканың нақты түріне арналған нормативтік-техникалық және пайдалану құжаттамасының талаптарына сәйкес орындалуы тиіс. - Тапсырыс берушінің талабы бойынша қызметтерді көрсету барысы туралы есептілік ұсынылуы тиіс (қажет болған жағдайда). - Тапсырыс берушінің барлық толтырылған картридждерін тексеруге арналған жабдық болуы тиіс. - Картридждің қосалқы бөлшектерін ауыстыру кезінде сапалы қосалқы бөлшектер мен шығыс материалдары (картридж нөміріне сәйкес келетін тонер) пайдаланылуы тиіс. - Толтыру үшін пайдаланылатын тонер 1907/2006 (ЕО) регламентіне сәйкес келуге, басып шығару сапасының тұрақтылығын қамтамасыз етуге, қара мәтіннің анықтығын және сұр түстің жартылай реңктерінің бірқалыпты ауысуын жақсартуға, сондай-ақ жоғары өнімді басып шығару кезінде дәлдікті, сапаны және сенімділікті тұрақты қамтамасыз етуге тиіс. - Тонердің жіктелуі 1999/45/ЕС директивасына сәйкес болуы тиіс. - Тонердің құрамы: - Стирол-акрил сополимері, CAS: 28497-96-3 – кемінде 45–55%; - Темір оксиді, CAS: 1317-61-9 – кемінде 40–45%; - Полипропилен балауызы, CAS: 9003-07-0 – кемінде 1–5%; - Органикалық пергамент, CAS: 8005-02-5 – кемінде 1–2%; - Титан диоксиді, CAS: 13463-67-7 – кемінде 1–3%; - Кремний диоксиді, CAS: 7631-86-9 – кемінде 2–3%. Түсі: қара. Күйі: ұнтақ. Тонердің химиялық құрамы REACH жүйесінде міндетті түрде тіркелуі тиіс. - Толтырылған картриджде Орындаушының толтыру күні көрсетілген сервистік жапсырмасы болуы тиіс. - Орындаушы дайын картриджге басып шығару сапасын тексеру парағын қоса ұсынуы тиіс. - Қызметтерді көрсету кезінде Орындаушы өз материалдары мен қосалқы бөлшектерін пайдаланады, олардың құны қызмет көрсету құнына енгізілген. - Тапсырыс беруші көрсеткен мекенжайдан картридждерді қызмет көрсету орнына дейін және кері жеткізу Орындаушының күшімен және қаражаты есебінен жүзеге асырылады және ақысыз болып табылады. - Тапсырыс берушінің картридждерді толтыру туралы өтінімдеріне Орындаушының әрекет ету мерзімі 5 жұмыс күнінен аспауы тиіс. **Қызметтерге қойылатын талаптар.** Персоналды компьютерлерге техникалық қызмет көрсету және жөндеу кепілдік қызмет көрсетуге кірмейтін мынадай қызметтерді қамтиды: - Жабдықтың ішіндегі шаң мен кірді тазалау, майлау. - Қажет болған жағдайда тазалау дискетасы/CD-дискісінің көмегімен дискжетекті және CD-ROM құрылғысын тазалау. - Ақауларды анықтау мақсатында жабдыққа диагностика жүргізу (жедел жады, қатқыл диск, процессор және т.б.). - Жабдықтың техникалық жай-күйін Орындаушы Тапсырыс беруші өкілінің қатысуымен жабдықты тестілеу және пайдалану орнында ақауларын анықтау

	арқылы айқындайды. - Тексеру барысында ақаулы деп танылған жабдық белгіленген тәртіппен Тапсырыс берушімен келісу бойынша жөндеуге беріледі. Ақаулар жойылғаннан кейін Орындаушы жабдықты техникалық сүйемелдеуге қабылдайды. - Егер жабдық жөндеуге жарамсыз болса немесе оны жөндеуге қатысты даулы мәселелер туындаса, оның техникалық жай-күйіне тексеру жүргізіліп, ақаулық туралы акт жасалады және жабдық жұмыс істейтін жабдықпен ауыстырылады. - Техникалық жай-күйін тексеру диагностика жүргізу, бөлшектеу, істен шыққан жабдықты ауыстыру және ақау актісін жасау жөніндегі операциялар кешенін білдіреді. - Жабдықты техникалық сүйемелдеуге қабылдау туралы шешім көрсетіле отырып, оны тексеру нәтижелері жабдықтың техникалық жай-күйін тексеру актісінде жазылады. - Жабдыққа техникалық қызмет көрсету, жөндеу және оны сүйемелдеу үшін қажетті қосалқы бөлшектермен және жинақтауыштармен қамтамасыз етуді Орындаушы Тапсырыс берушімен алдын ала келіскеннен кейін жүзеге асырады. **Принтерлерді және көшірмелеу жабдықтарын жөндеу және техникалық қызмет көрсету, кепілдік қызметіне кірмейтін қызметтерді қамтиды:** Лазерлік құрылғыларды тазалау, айналарды тазалау,объективін,әйнек түпнұсқаларын тазарту, барлық коротрондарды тазалау, барабандарды тазалау, ракелдерді,эвакуация жолдарын тазалау, тонер қалдықтарын,тонер қалдықтарын жинайтын бункерлер, қағаз орамасының шығыршықтарын науадан тазалау, қағаз жолын тазалау, бөлгіш саусақтарды бақылау, фьюзер біліктерінің жай-күйін бақылау және оларды тазалау, құрылғыны шаң мен кірден жалпы тазалау, аппарат жұмысын тексеру, реттеу және түзету. **Ақауларды анықтау және жою келесіні қамтиды:** - ақаулық диагностикасы; -істен шыққан жабдықтардың жарамсыз элементтерін ауыстыру; - кеңсе техникасының жұмысынан туындайтын өзге де ақауларды жою; - пайдалануға тапсыру алдында тестілеу; -ақаулықтарды жою Тапсырыс берушінің жұмыс орнында орындалады. **Лазерлік принтер картриджін немесе көпфункциялы құрылғыларды толтыру, техникалық қызмет көрсету және жөндеу мыналарды қамтиды:** -Картриджді толығымен бөлшектеу, тонерді қалдықтардан тазалау, құрғақ тазалау, содан кейін барлық картридж бөліктерін арнайы сұйықтықпен жуу, магнитті білікті ацетонмен (еріткішпен) жуу, айналмалы бөлшектердің осьтерін майлау, айналмалы электр байланыстарын майлау, толтыру, құрастыру, сынау, егер картридж жөндеуге жатпаса, жеткізуші картриджді жаңасына ауыстырады. -Картриджді толтыру жөніндегі қызметтер сапалы түрде, толық көлемде жүргізілуі керек. -Картриджерді толтыру және қалпына келтіру Орындаушы аумағында 24 сағатта жүзеге асырылады. -Картридждің қосалқы бөлшектерін ауыстырған кезде жоғары сапалы қосалқы бөлшектер мен шығыс материалдары (картридж санына сәйкес келетін тонер) пайдаланылады. -Қызметтердің құны техникалық қызмет көрсету, картриджерді толтыру,

сондай-ақ мамандардың жұмыс орнына кетуіне байланысты барлық қосымша шығындарды қамтуы тиіс.

-Қайта толтыру картридждерін фирмалардан - кеңсе техникасын өндірушілерден жоғары сапалы тонерден ғана жасау керек. Қажет болған жағдайда, картридж қалпына келтіріледі, картридждің чипі немесе принтердің құлпы ашылады.

-Картриджді толтырмас бұрын толтырылған картриджбен кем дегенде 1500 А4 парақты басып шығару, қалпына келтіргеннен кейін кем дегенде 4 басып шығару сапасы өзгеріссіз болады. Осы жағдайларға қанағаттанбаған жағдайда, Орындаушы есебінен ақаулар жойылуы тиіс.

- Толтырылған картриджде Орындаушының күнімен толтырылған сервис стикер және пакетке оралған болуы тиіс.

- Орындаушы дайын картриджбен қоса баспапарағын тексеру керек.

3 Өзара әрекеттесу тәртібі.

Жабдықты пайдалану кезінде ақаулық орын алған жағдайда:

- Тапсырыс беруші телефон арқылы істен шығу туралы ауызша хабарлайды;
- Орындаушы жабдықты пайдалану кезіндегі ақаулықты жою туралы өтінішті қабылдайды.
- Тапсырыс берушінің жұмыс орнындаОрындаушы жабдықтарды бұзу диагностикасын жүргізеді.
- Картридждерді толтыру және жөндеу жұмыстарының шығындары Орындаушыға алдын ала өтініммен беріледі.

4 Қызмет көрсету шарттары.

Осы міндеттерді орындаудың маңызды шарттары:

Тапсырыс беруші Орындаушыға үй-жайды, техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі қызметтерді ұсынбайды, егер қызметтердің осы түрі арнайы стационарлық жабдықты қолдануды талап етпесе, Тапсырыс берушінің жұмыс орындарында немесе Орындаушының аумағында жүргізіледі.

Қызмет көрсетілетін жабдықтың және картридждерді толтырудың моделдерінің тізімі

Дербес компьютерлерге техникалық қызмет көрсету	
Қызметтердің атауы	**Саны (кем емес)**
ДК-ге техникалық қызмет көрсету (мониторларды қоса алғанда)	100
Ноутбуктерге техникалық қызмет көрсету	3
Принтерлер мен МФУ және түсті принтерлерге техникалық қызмет көрсету:	
Принтерлерге көшіру аппараттарына және түрлі түсті принтерлерге техникалық қызмет көрсету	100
МФУ А4 техникалық қызмет көрсету	40

	Толтыру картриджерінің модельдері мен саны:
	Canon, HP, Samsung, Ricoh картриджін толтыру — 800
	Барлығы — **800**
	Картриджерге техникалық қызмет көрсету және жөндеу:
	Canon, HP, Samsung, Ricoh барабанын ауыстыру — 400
	Canon, HP, Samsung, Ricoh магниттік білігін ауыстыру — 400
	Canon, HP, Samsung, Ricoh зарядтау ролигін ауыстыру — 400
	Барлығы — **1200**
Орындаушы жеңімпаз деп анықталған жағдайда әлеуетті өнімберушіге қойылатын талаптар және оны мен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу (қажет болған жағдайда көрсетіледі) (Әлеуетті өнім берушіні көрсетілген мәліметтерді көрсетпегені немесе бермегені үшін қабылдамауға жолберілмейді)	Техникалық сұрақтар бойынша: ҚПБ байланыс және телеметрия бөлімінің жетекші инженері А.С. Торицынмен тел 8(72148) 21309 қос. 250 арқылы хабарласыңыз.

«Қазсушар» РМК «Қаныш Сәтпаев атындағы канал» филиалының бас инженері **М. Эммерих**

ҚПБ бастығы **Д.Т. Экзеков**

Орын. А.С. Торицын
Аударған: Ф. Курмангалиева